

егемен

Қазықаспан

Жастар жігері жалындай лаулады

Сәрсенбі күні Астанадағы Жастар сарайында сыбайлас жемқорлыққа қарсыж астардың форумы болып өтті. Оны ұйымдастырған “Нұр Отан” ХДП “Жас Отан” жастар қанатының “Біз қарсымыз” деп аталатын қозғалысы еді.

Бұл қозғалыстың мақсаты – қоғамымызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық пікірді тереңдету және осы күреске жастардың жалынды, жігерлі күшін көбірек тарту. Жуырда ғана Астанада туған қозғалыс қазір еліміздің түкпір-түкпіріне тарап, аз уақытта ықпалды күшке айналып үлгерді. Қазір еліміздің жастары сыбайластыққа қарсы белсене күресіп жатыр деп айтуға толық негіз бар.

Қозғалысқа халықтың көңілін көбірек аудару үшін форум қала көшелерінде басталды. Кенесары көшесі мен Республика даңғылының қиылысында орналасқан “Сұңқар” сауда орталығының жанына жиналған жастар үлкен дүрмекпен “Сыбайластыққа жол бермейміз! Әділеттік жасасын!” деп ұрандата отырып, Қазақ музыкалы-драма театрының, одан “Мечта” дүкенінің алдына барып, аз уақыт бөгелді. Одан әрі қозғалыс дүрмегі “Жастар” сарайына бет алды. Негізгі шаралар да осы жерде өтті.

Жастардың қызыға тамашалайтын шоу-бағдарламалары, жеке әншілер жастардың жігерін жани отырып, олардың сыбайластыққа қарсы үндерін күшейте түсті. “Сыбайластыққа жол жоқ! Коррупции – нет!” деген қазақша-орысша қосыла көтерілген талап естіген жемқорлардың зәрелерін ұшырғандай еді... Қосыла шыққан жалынды дауыстың күшінен кең сарайдың қабырғалары да теңселгендей болды.

Жастар алдына шығып “Нұр Отан” ХДП Астана қалалық филиалы төрағасының орынбасары Павел Казанцев сөйледі. Елімізді теспей сорып, іріп-шіруге жол беріп жатқан індетті жоюға атсалысу әркімге парыз, деп бастады ол өзінің сөзін. Ендеше, індетті әрқашан да әшкерелеп, қоғамымызды сауықтандыруға бәріміз де бір кісідей үн қосайық.

Оның сөздерін жастар көтеріп әкетті. Өзге шығып сөйлеушілердің де сөз сарыны осыған сайды. Жастардың іздегеніне сұрағандай болғаны оларды қолдаған мыңдаған жігерлі дауыстан айқын сезіліп тұрды.

Айта кететін жәйт, жастарға арналған шоу-бағдарламада әнші, өнерпаздармен қатар, белгілі спортшылар, қоғам қайраткерлері, жас ғалымдар да болды. Олардың бәрі де жастар қозғалысына өздерінің тілектестіктерін білдірді.

Жақсыбай Самрат.